

2020 жылғы 29 қазан

KAZ MINERALS ТОБЫ 2020 ЖЫЛДЫҢ ТОҒЫЗ АЙЫНДАҒЫ ӨНДІРІСТІК НӘТИЖЕЛЕРДІ ЖАРИЯЛАДЫ

COVID-19-ға байланысты қиындықтарға қарамастан KAZ Minerals Тобы 2020 жылдың тоғыз айында 230 мың тонна мыс¹ өндірді (2019 жылдың 9 айы: 230,5 мың тонна) және үшінші тоқсанда жақсы өндірістік нәтижелер көрсетті. Топ мыс пен алтын өндірудің жоспарлы аралықтарының жоғарғы шегіне жетуді жоспарлап отыр, күміс пен мырыш өндірісі артады деп болжанып, қайта қаралды.

Қызметкерлер мен мердігерлердің қауіпсіздігі мен денсаулығын қамтамасыз ету – KAZ Minerals-тың басты міндеттерінің бірі. Қызметкерлерді қорғау үшін және өндірістегі іркілістер қауіпін азайту мақсатында жан-жақты шаралар сақталуда. Үшінші тоқсанда COVID-19 Топтың қызметі мен саудасына айтарлықтай әсер еткен жоқ, осы кезеңде Қазақстанда жұқтырғандар саны төмен деңгейге жетті. Дегенмен төртінші тоқсанда жаңа шектеулер қауіпі әлі де бар.

Ақтоғай

Шығыс Қазақстандағы Ақтоғай КБК-де кенді тоқсандық өндіру 27%-ға, яғни, 9,06 млн тоннаға дейін ұлғайды (2020 жылдың 2-тоқсаны: 7,12 млн тонна). Тоғыз айда 28,7 млн тонна өндірілді, бұл өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 27%-ға аз (2019 жылдың 9 айы: 39,1 млн тонна). Оған негізінен оксидті кен өндіруді қысқарту себеп болды. Өйткені жыл басында өндіріс бұрын өндірілген шикізатты қайта суландыруға шоғырланды.

Үшінші тоқсанда сульфидті кеннен мыс өндіру 8%-ға азайып, 26,5 мың тоннаны құрады (2020 жылдың 2-тоқсаны: 28,9 мың тонна). Оған өңдеу көлемінің 9%-ға азаюы себеп болып, мыстың орташа үлесінің ұлғаюымен ішінара өтелді. Техникалық қызмет көрсету мерзіміне, кендегі металдың азаюына және 2020 жылдың бірінші тоқсанында бөліп алу коэффициентінің уақытша төмен болуына байланысты өткен тоғыз айда сульфидті кеннен 82,6 мың тонна өндірілді. Бұл 2019 жылдың тоғыз айымен салыстырғанда 11%-ға аз (92,9 мың тонна).

Үшінші тоқсанда оксидті кеннен катодты мыс өндіру - 5,2 мың тонна, бұл өткен тоқсанмен салыстырғанда 4%-ға төмен (2020 жылдың 2-тоқсаны: 5,4 мың тонна). Үйемелі сілтісіздендіру панельдерінің екінші кезегін суландыру шілде айында басталды. Жыл соңына дейін Ақтоғай катодты мыс өндірісінің жоспарланған межесі – шамамен 20 мың тоннаға жетеді деп жоспарланған.

Үшінші тоқсандағы мыс өндірісінің жалпы көлемі - 31,7 мың тонна (2020 жылдың 2-тоқсаны: 34,3 мың тонна). Бұл көрсеткіш негізінен үшінші тоқсанда сульфидті фабрикадағы техникалық қызмет көрсетудің мерзімі мен ұзақтығына байланысты 8%-ға төмендеді. Төртінші тоқсанда сульфидті кендегі мыстың орташа мөлшерінің төмендеуіне және COVID-19-ға байланысты шектеулердің салдарынан бірінші жартыжылдықтан кейінге қалдырылған техникалық қызмет көрсетуге орай өндіріс көлемінің төмендеуі күтілуде.

Дей тұрғанмен Ақтоғай тоғыз айда жақсы нәтижелер көрсетті: 99,3 мың тонна мыс өндірілді. Кеніш өзінің жылдық 120-130 мың тонна межесінің жоғарғы шегіне жету жолында келеді. Бұл көрсеткішке сульфидті және оксидті кеннен өндірілетін өнім кіреді.

Бозшакөл

Павлодар облысындағы Бозшакөл КБК-де кен өндіру үшінші тоқсанда байыту фабрикаларының қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін 22%-ға, яғни, 8 млн тоннаға дейін (2020 жылдың 2-тоқсаны: 6,6 млн тонна) ұлғайды - сульфидті және каолин балшығы бар кендерді өңдейтін фабрикалар тоқсан бойы толық қуатында жұмыс істеді. 2020 жылдың тоғыз айында кен өндіру 16%-ға азайып, 22,3 млн тоннаны құрады (2019 жылдың 9 айы: 26,6 млн тонна). Оған негізінен 2020 жылдың бірінші жартыжылдығында жинақталған каолин балшығы бар кенді қайта өңдеу себеп болды.

Үшінші тоқсанда мыс² өндіру - 30,3 мың тонна (2020 жылдың 2-тоқсаны: 30,6 мың тонна). Жоғары өткізу қабілеті кендегі мыс үлесінің 0,49%-ға (2020 жылдың 2-тоқсаны: 0,53%) дейін төмендеуімен және бөліп алудың төмен коэффициентімен өтелді. 2020 жылдың тоғыз айында жоғары өткізу қабілеттіне және кендегі мыстың орташа үлесінің жоғарылауына байланысты өндіріс 15%-ға артып, 90,7 мың тоннаға дейін жетті

¹ Концентраттағы ақысы төленетін металл және Ақтоғайдағы оксидті кеннен өндірілетін катодты мыс

² Концентраттағы ақысы төленетін металл

(2019 жылдың 9 айы: 79,2 мың тонна). Төртінші тоқсанда байыту фабрикасының өткізу қабілеті жоспарлы техникалық қызмет көрсетуге байланысты төмендейді деп күтілуде. Дегенмен, тоғыз айдағы жақсы нәтижелерден кейін Бозшакөл мыс өндірісінің жылдық 110-120 мың тонна жоспарлы аралығына жету қарқынын сақтап отыр.

Алтын² өндірісінің көлемі тоқсандық есепте 37 мың унцияға дейін төмендеді (2020 жылдың 2-тоқсаны: 41 мың унция). Бірақ тоғыз айдың ішінде Бозшакөлде алтын өндіру 120,3 мың унцияға дейін ұлғайды (2019 жылдың 9 айы: 103 мың унция). Өндіріс жылдық жоспарлы 140-150 мың унция аралығының жоғарғы шегіне жетеді деп күтілуде.

Үшінші тоқсандағы күміс² өндіру – 235 мың унция (2020 жылдың 2 тоқсаны: 233 мың унция), тоғыз айда Бозшакөл 700 мың унция өндірі (2019 жылдың 9 айы: 567 мың унция). Жылдық болжамды 700 мың унция көрсеткішінен 20%-ға асып түсу жоспарланған.

Шығыс өңір және Бозымшақ

Шығыстүстімет шахталары (Шығыс Қазақстан облысы) мен Бозымшақ кенішіндегі (Қырғызстан) кен өндіру үшінші тоқсанда 6%-ға, яғни, 997 мың тоннаға дейін (2020 жылдың 2-тоқсаны: 1,06 млн тонна) азайды. Тоғыз айда 3,06 млн тонна кен өндірілді, бұл өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 5%-ға жоғары (2019 жылдың 9 айы: 2,92 млн тонна). Шығыс өңірдегі кен өндірудің төмендеуі Бозымшақтағы жерасты өндірісіне көшуге дайындық барысындағы өндірудің ұлғаюымен өтелді.

Үшінші тоқсандағы мыс өндірісі 14,2 мың тоннаға дейін өсті (2020 жылдың 2-тоқсаны: 14 мың тонна) - негізінен Орлов шахтасының кендеріндегі металдың орташа үлесінің жоғары болуының арқасында. 2020 жылдың тоғыз айында 40 мың тонна мыс өндірілді, бұл өткен жылдың осындай кезеңіне сәйкес келеді (2019 жылдың 9 айы: 39,9 мың тонна). Жыл басынан қыркүйекті қоса алғандағы кезеңдегі тұрақты көрсеткіштерден кейін Шығыс өңір мен Бозымшақ мыс өндірісінің жылдық жоспарлы көрсеткіші - шамамен 50 мың тоннаға жету жолында келеді.

Үшінші тоқсанда алтын өндірісінің көлемі металдың жоғары үлесі мен Бозымшақтағы өңдеудің жоғары көлемінің арқасында 3%-ға, яғни, 13,7 мың унцияға дейін (2020 жылдың 2-тоқсаны: 13,3 мың унция) ұлғайды. 2020 жылдың тоғыз айында 39,5 мың унция өндірілді (2019 жылдың 9 айы: 40,8 мың унция). Жылдық жоспарлы 40-50 мың унция алтын межесінің жоғарғы шегіне жету төртінші тоқсанда Бозымшақ кенішінің қайта іске қосылуына байланысты. Онда 7 қазанда елдегі жақында болған саяси тұрақсыздыққа байланысты жұмысшылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін өндіріс уақытша тоқтатылған еді.

Күміс өндірісі – үшінші тоқсанда 554 мың унция (2020 жылдың 2-тоқсаны: 587 мың унция) және 2020 жылдың тоғыз айында 1,58 миллион унция (2019 жылдың 9 айы: 1,51 миллион унция). Жылдық жоспарлы көрсеткіш 2 млн унцияға дейін ұлғайтылды.

Үшінші тоқсанда 15,7 мың тонна концентраттағы мырыш өндірілді, бұл екінші тоқсанға қарағанда 6%-ға жоғары (14,8 мың тонна). Бұған негізінен кендегі мырыштың орташа үлесінің артуы себеп. 2020 жылдың тоғыз айындағы өндіріс көлемі - 39,5 мың тонна. Бұл өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 37%-ға артық (2019 жылдың 9 айы: 28,9 мың тонна). Өсім жоғары үлес пен бөліп коэффициентіне байланысты. Тоғыз айдың жоғары көрсеткіштерінен кейін концентраттағы мырыш өндірісінің жылдық жоспарлы көрсеткіші 45-50 мың тоннаға дейін ұлғайтылды.

Топтың өндірісіне қысқаша шолу

		2020 ж 9 ай	2019 ж 9 ай	2020 ж 3 тоқ.	2020 ж 2 тоқ.	2019 ж 3 тоқ.
Мыс өндіру	мың тонна	230,0	230,5	76,2	78,9	82,9
Ақтоғай	мың тонна	99,3	111,4	31,7	34,3	37,3
Бозшакөл	мың тонна	90,7	79,2	30,3	30,6	32,1
Шығыс өңір мен Бозымшақ	мың тонна	40,0	39,9	14,2	14,0	13,5
Алтын өндіру	мың унция	160,4	146,2	50,7	54,3	58,5
Күміс өндіру	мың унция	2 642	2 496	901	948	944
Концентраттағы мырыш	мың тонна	39,5	28,9	15,7	14,8	10,5

Қаржылық ақпаратты жаңарту

KAZ Minerals Тобының таза берешегі операциялық ақша ағындарының жоғары болуына және шикізат бағасының жоғары болуына байланысты 2020 жылғы 30 маусымдағы \$2 797 млн-нан 2020 жылғы 30 қыркүйектегі \$2 654 млн-ға дейін қысқарды. Берешекті азайту негізінен Ақтоғайды және Баимская мыс жобасын кеңейтуге жұмсалатын күрделі шығындармен, сондай-ақ, Топтың Қытай мемлекеттік даму банкі алдындағы борыштық міндеттемелері бойынша жартыжылдық пайыздық төлемдерімен және экспорт алдындағы несие желісі бойынша ай сайынғы пайыздық төлемдермен ішінара өтелді. Төлемдердің жалпы сомасы \$71 млн құрады. ПҚӨС, роялти және табыс салығы бойынша төлемдер үшінші тоқсанда \$28 млн құрады, олар әлі де ҚҚС қайтарумен өтеледі.

Мысты өткізудің жалпы көлемі - 228,3 мың тонна, бұл өндіріс көлеміне сәйкес келеді. Өткен жылмен салыстырғанда аздап төмендеу (2019 жылдың 9 айы: 232,6 мың унция) жөнелту мерзіміне байланысты орын алды: Қытай-Қазақстан шекарасындағы COVID-19 шектеулеріне байланысты клиенттерге жеткізілімдерде

шамалы кідірістер орын алды.

Алтынды сату көлемі - 159,3 мың унция мөлшерінде: өндіріс көлеміне сәйкес келеді, бірақ көрсеткіш 2018 жылдың соңында жинақталған алтын құймаларының қорлары өткізілген 2019 жылдың ұқсас кезеңінен (168,7 мың унция) төмен.

KAZ Minerals **Тобының басқарма төрағасы Эндрю Саузам:** "COVID-19-ға байланысты қиындықтарға қарамастан, KAZ Minerals үшінші тоқсанда да, 2020 жылдың тоғыз айында да жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Биылғы жылы мыс өндірісі үзілген жоқ, бүгінгі күні өндіріс көлемі 2019 жылғы деңгейге сәйкес, ал ілеспе өнімдердің өндірісі бұрынғы көрсеткіштерден айтарлықтай асып түседі. Біз мыс пен алтын өндірісінің жоспарлы аралықтарының жоғарғы шегіне жету жолында келеміз және күміс пен мырыш өндірісінің жылдық болжамын арттырдық".

Қосымша ақпарат алу үшін келесі телефондар бойынша хабарласуға болады:

KAZ Minerals PLC

Анна Маллер	Қаржылық талдаушы, Инвесторлармен байланыс департаменті, Лондон	Tel: +44 20 7901 7814
Мақсұт Жапабаев	Корпоративтік байланыстар департаментінің басшысы, Алматы	Tel: +7 727 244 03 53
Алмас Садықов	Корпоративтік байланыстар департаментінің менеджері, Алматы	Tel: +7 727 244 03 53

РЕДАКТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

KAZ Minerals – Қазақстанда, Қырғызстанда және Ресейде заманауи, ірі ауқымды, азшығынды карьерлік типтегі тау-кен өндірісін дамытуға бағытталған, өсу әлеуеті зор мыс өндіруші компания. Компания операциялық іс-қызметін ШҚО орналасқан Ақтоғай және Павлодар облысындағы Бозшакөл ашық кеніштерде, сонымен қатар Шығыс Қазақстанда орналасқан үш кеніш пен кен байыту фабрикаларында және Қырғызстандағы Бозымшақ мыс-алтын кенішінде жүргізеді. 2019 жылы мыстың жалпы өндіріс көлемі 311 мың тоннаны құрады, ілеспе өнім ретінде 38 мың тонна концентраттағы мырыш, 201 мың унция алтын мен 3,382 млн. унция күміс өндірілді. 2019 жылдың қаңтар айында Топ Ресей Федерациясы (РФ) Чукот автономиялы округіндегі Баимская мыс жобасын сатып алды. Баимская – ашық типтегі кеніш негізінде мыс өндіретін төмен шығынды әрі ауқымды тау-кен кешенін құру әлеуеті бар әлемдегі игерілмеген ірі мыс алаңдарының бірі.

Топтың жаңа өндірістік кәсіпорындары – Ақтоғай мен Бозшакөл – саладағы ең қарқынды даму көрсеткіштерін қамтамасыз етіп, KAZ Minerals-ты қорының басым бөлігі әлемдік деңгейдегі ашық түрдегі кеніштерден тұратын компанияға айналдырды.

Ақтоғай – карьер типтес ірі ауқымды кеніш. Ол Бозшакөлге ұқсас. Кенішті пайдаланудың қалған мерзімі (өндірісті кеңейтуді қоса есептегенде) - 25 жылға жуық. Кендегі мыс мөлшері 0,35% (оксидті кен) және 0,33% (сульфидті кен). Ақтоғайда оксидті кеннен катодты мысты өндіру 2015 жылдың желтоқсан айында, ал сульфидті кеннен мыс концентратын өндіру 2017 жылдың ақпан айында басталды. Сульфидті кенді қайта өңдейтін бірінші кен байыту фабрикасының жылдық қуаты - 25 млн тонна. Сульфидті кенді өңдеу көлемі екінші кен байыту фабрикасы 2021 жылдың соңына дейін өндірісті бастағанда 50 млн тоннаға дейін жетеді. Ақтоғай кен орынының операциялық шығындары халықаралық мыс өндіруші кәсіпорындарының арасында бәсекеге қабілетті болып табылады. Жылдық өндіріс көлемі – 2021 жылға дейін орта есеппен сульфидті кеннен өндірілетін 100 мың тонна мысты құрайды. Екінші кен байыту фабрикасы өндірісті бастағаннан кейін 2022-2027 жылдар аралығында сульфидті кеннен жыл сайын шамамен 170 мың тонна мыс өндірілетін болады. Оксидті кеннен 2024 жылға дейін жыл сайын шамамен 20 мың тонна мыс өндіріледі.

Операциялық шығындары бойынша Бозшакөл халықаралық мыс өндіруші кәсіпорындар арасында бірінші квартильге кіреді. Оның кен өңдеу қуаты жылына 30 млн тонна кенді құрайды. Кенішті пайдаланудың қалған мерзімі – 40 жылға жуық. Кендегі мыс құрамы 0,36%. Карьер мен кен байыту фабрикалары өндірісті 2016 жылы бастады. Өндіріс көлемі – алғашқы 10 жылда жыл сайын 100 мың тонна мысты және 120 мың унция концентраттағы алтынды құрайды.

Ресейдегі Баимская лицензиялы алаңының аумағында орналасқан Песчанка кен орынының ресурстары JORC кодексіне сәйкес бағаланып, 9,5 млн тонна мыс, кендегі мыстың мөлшері 0,43% және кендегі алтынның мөлшері 0,23 г/т болатын 16,5 млн унция алтынды құрайды. Жоба РФ-ның үкіметі экономикалық даму үшін стратегиялық маңызды деп анықтаған өңірде орналасқан. Мемлекет көліктік және энергетикалық инфрақұрылымды дамытып, салықтық жеңілдіктер беретіндіктен жоба артықшылыққа ие болады. Құрылыстың болжамды күрделі бюджеті – шамамен \$7 млрд. Оның 10%-ға жуығы кеніштегі өндіріс басталғаннан кейін шығынданады.

KAZ Minerals PLC компаниясының акциялары Лондон және Қазақстан қор биржаларында айналымда. KAZ Minerals-та шамамен 16 000 адам жұмыс істейді, олардың басым бөлігі Қазақстан азаматтары.